

УДК 669.415.611

Н. АБДИКАРИМ

(Қарағанды мемлекеттік индустриялық университеті, Теміртау қ., Қазақстан)

ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ СИНЕРГЕТИКАСЫ

Андатпа. Мақалада синергетика мен лингвомәдениетке тән ерекшеліктер және олардың қарым-қатынасы сипатталады. Талдаулар нәтижесінде адамның лингвомәдениеттік семантикалық кеңістіктегі қарым-қатынасы синергетикалық күрделі және көпаспектілі жүйелі қарым-қатынас болып табылатындығы туралы байлам жасалған.

Түйін сөздер: синергетика, лингвомәдениет, тіл синергетикасы, семантикалық өріс, креативті ойлау, тілдік таңбалар, тілдік құбылыстардың қалыптасу үдерістері.

Ғылыми зерттеулерде синергетика терминін ХІХ ғасырда ағылшын физиологы Шеррингтон жұлын жүйесінің бұлшық еттерді басқаруын талдау кезінде алғаш рет қолданады. Одан кейін ХХ ғасырдың 70-жылдарында неміс физигі Герман Хакен жаңа ғылыми пәнді *синергетика* деп атады. Г. Хакеннің түсіндіруінше, бұл пән көптеген кіші жүйелердің біріккен іс-әрекетін зерттейді, нәтижесінде макроскопиялық деңгейде құрылым және оған сәйкес функционалдық пайда болады. 1984 жылы Берлин симпозиумында Г. Хакен: «Синергетиканы әр түрлі ғылым саласындағы ғалымдар бетпе-бет кездесіп, үлкен жүйелердің мәселесін қалай шешу керектігі жайындағы көзқарастары мен идеяларын бөлісуге жиналған форум ретінде қарастыруға болады» дейді. Осы көзқарастардың негізінде синергетика әр түрлі жүйелердегі өзіндік ұйымдасы және жүйелік интерграциялану үдерістерінің заңдылығын зерттейтін ғылыми пән болып қалыптасты. Классикалық зерттеулердегі жүйелік тұрғыдан қарастыру бөлшектер арасындағы байланысқа, ал синергетика жүйе қасиетінің себептеріне көңіл бөледі. Жүйелік тұрғыдан талдау сапалық деңгейде, ал синергетика сандық қарым-қатынас және параметрлерін зерттейді. Шын мәнінде, *синергетика* грек тілінің *sinergeia* – *қызметтестік, жәрдемдестік, ниеттестік* деген мағынан білдіретін сөзінен шыққан. Бір сөзбен айтқанда, синергетика бейтүзу ашық жүйелерде хаос, бей-беректсіздіктен тәртіпке немесе керісінше тәртіптен хаосқа алмасу үдерісін зерттейтін пәнаралық ғылыми бағыт болып табылады [1]. Қазіргі ғылыми аянда физикалық, химиялық, биологиялық, экологиялық, әлеуметтік, философиялық және т.б. жүйелер табиғаты синергетика тұрғысынан қарастырылып келеді. Олай болса, лингвомәдениетке синергетика керек пе? Егер мәдени мәні бар білімдердің сызықтық бойымен ұйымдасуы жөніндегі дәстүрлі көзқарастарды өзгеше сипатта алып қарастыруға талпыныс жасап көруге болатын болса, әрине, керек.

Синергетика лингвомәдениет тұрғысынан құндылық-танымдық сипаттағы күрделі лингвомәдени жүйелердің эволюциясы мен өзіндік ұйымдасуының (іштей ұйымдасу) әмбебеп механизмдерін ашып көрсетуге септігін тигізеді. Ол табиғат «шығармашылығы» мен адам креативтілігінің арасында көпір орнатуға мүмкіндік туғызады. Лингвомәдени зерделеу синергетикасы табиғи орта синергетикасына қарағанда (синергетика, шын мәнінде, жаратылыстану-математика аясында пайда болған), екінші реттегі синергетика болып табылады. Синергетикалық тұрғыдан қарастыру түйсіну, есте сақтау, шешім шығару, креативтік ойлау үдерісін олардың лингвомәдени мәнімен көлемді түрде бейтүзу сызықтық бойынша түсіндіруге жағдай жасайды. Синергетикалық ұғымдар лингвомәдениеттің тұтас құрылымындағы аяқасты сапалық «шабыстық» өзгерістерін оның наноэлементтерінің (өте кіші мағынасының) қарым-қатынасының нәтижесі ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Осының арқасында синергетика кенеттен қалыптасқан лингвомәдени объектілердің тұтастай

Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»

реттелген мәселелерін шешуге жақындауға мүмкіндік береді. Синергетика жаңа маркирленген ұғымдардың қалай пайда болатынын көрсете алады. Адам, сан қырлы аспектілі және динамикалық – биологиялық, психологиялық, әлеуметтік, мәдени жүйе ретінде, сонымен қатар осы жүйелердің әрқайсысымен және барлығымен бірге үздіксіз әрекеттесе алатын күрделі тұтас синергетикалық жүйелердің жүйесі болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде, адамның лингвомәдениеттің семантикалық кеңістігіндегі қарым-қатынасы синергетикалық күрделі және көпаспектілі жүйелер қарым-қатынасы бол алатындығы біздің гипотезамыздың қисынды және толықтай дәлелденетіндігі екендігі ашыла түседі. Имплициттік түрде көрініс тапса да, мүмкін бола алатын қиындық лингвомәдениеттің синергетикалық кеңістігі жеткілікті дәрежедегі мобильдік компоненттердің наномасштабтық көптігімен және олардың арасындағы әр түрлі байланыстардың сан қилылығымен түсіндіріледі. Сонымен бірге осындай қарым-қатынастардың көпаспектілігі мен шектеулілігі талданатын жүйелердің және олардың субсистемаларының изоморфтық ұйымдасуымен алдын ала анықталып қояды. Бұл семантикалық кеңістіктің сеттік (торкөздік) ұйымдасуы адамның барлық іс-әрекеті жүйесінің «торкөздік» құрылымын мұраға алады деген сөз. Сондай сипаттағы адамның әлеуметтік-мәдени феномен ретінде біріккен комбинаторлық іс-әрекетін қамтамасыз ететін жүйелі изоморфизм синергетиканың арқасында пайда болады.

Негізінен, тіл, сана және мәдениет синергетикасына алғаш рет В. фон Гумбольдт өзінің тілдің ішкі формасы жайындағы ілімінде көңіл бөлген, оның түсінігі бойынша, адамның танымдық бағдарлық мәдени танымы және ондағы өзінің делдалдық үдерісі тұтастың таңбалық моделі ретінде көрініс табады. Лингвокультурология үшін осы модельдің құндылығы оның мәні алғашқы образ негізінде ойды құрылымға келтіруімен анықталады. В. Гумбольдтің пікірінше, тіл дегеніміз біздің түйсініміз бен түсінігімізді принципалды әлемге ұқсатып қамтамасыз ететін акт ретіндегі құрал болып табылады [2]. Осы құралды меңгергенде ғана, адам саналы бола алады. Әрине тілдің ішкі формасы адамның мидың ішкі қабатында жасырын болады, алайда адам сөйлеу санасын іске қосқан кезде, ол дискурсте стереотипті кристалдық символдардымен белсенділікке түседі. Ондай символдарға ұғымдарды жинақтайтын әр түрлі құрылымдар жатады: заттық-бейнелеуіштің символдар, сөз-символдар, ұғымның символикалық компоненттері және т.б. осылайша тіл өзінің толық көлемі бойынша күрделі, түзуемес, ашық, өзін-өзі ұйымдастыра алатын жүйенің табиғи үлгісі болып табылады. Бұл тілдің синергетика пәні болуына негіз бола алады. Сонымен қатар тілдің ішкі формасының лингвокультурологиялық реконструкциясы бізді субъект-объект қатынасындағы тар шеңберден шығарып, тілге тұрақты бақылау жүргізіп тұруға жол ашады. Бұл өз кезегінде этнокультурологиялық ойлаудың когнитивтік механизмінің жүйелік жұмысына себепкер болады: 1) семантикалық тордың кез келген элементтерінің белсенділендірілуі біріккен синергетикалық жүйенің басқа да барлық элементтерінің функционалдық «міндеттерін» орындауға автоматты түрде алып келеді; 2) адамның қысқа мерзімдік жадынан өткізе отырып, семантикалық торлармен қарым-қатынас жасауының нәтижесі жад аналдарында ұзақ уақытқа сақталып қалады, бұл тіл мен мәдениеттің барлық құндылық-ұғымдық кеңістігін біріккен тұтастықта ұстап тұра алады.

Синергетикалық өзара қарым-қатынас дегеніміз оны негізін салған Г. Хакеннің анықтамасы бойынша, бұл – көптеген кіші жүйелердің өзара қарым-қатынасы нәтижесінде макроскопиялық деңгейде құрылымы мен соған сәйкес функционалдылық пайда болатын біріккен іс-әрекеті.

Лингвокультурологияда өзара қарым-қатынас ұғымы құндылық-ұғымдық құбылысы оған мынадай синергетикалық үдерістерді біріктіргендіктен біршама кеңейе түсті:

– Күрделі динамикалық кіші жүйелердің нелинейная эволюциясын (тілдің, дискурстың, мәдениеттің);

– Заңды қажеттілік немесе кездейсоқтық әсерінен болатын құбылыстар;

Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»

– Бифуркация үдерістері (бифуркация – бұл жүйелердің сапалық жаңа деңгейлік қалпына ауысу жолындағы тарамдалу зонасы: лингвомәдениеттің жүйелі ұйымдасқан құбылысы эволюциясының барлық мүмкін болатын тарамдалу жолдарының нүктесі);

– Диссипативтік құрылымдардың өзіндік түзілуі (*буффрикация пайда болғаннан кейін лингвомәдениеттің салыстырмалы түрде тұрақты құрылымдарынан бұрынғы бей-берекет түзілістерден пайда болуы*). Диссипативтілік – ашық теңсіздіктегі теңгерілмейтін жүйелердің өзара белсенді түрде әрекеттесуінің нәтижесіндегі лингвокультурологияның ерекше динамикалық қалпы. Бұл түсінік буффрикация барысында ішкі факторлардың қарым-қатынасы арқылы олардың эволюциялары кенеттен лингвомәдени сапалы жаңа құрылымдар пайда болғызатын теңсіздіктегі, тұрақсыз, сызықтықтағы емес ашық күрделі жүйелердің өзіндік ұйымдастыру динамикасын қамтиды. Локальдік жүйенің жаңа сапаға буффрикациялық алмасып бітуі оның бұрынғы жағдайға қайтып келуіне ешқандай мүмкіндік туғызбайды [3]. Үдеріс қайтымсыз болып табылады. Осындай қайтымсыз үдерістер жаңа типтегі материяның динамикалық қалпының туындауына алып келеді, оны И. Пригожин *диссипативтік құрылымдар* деп атаған болатын. Мысалы, *алма* деген сөз бірінші мағынасы бойынша алма ағашының жемісі деген этномәдени компонентінен ажыраған. «Ұрыс алмасы» деген фразепада дискусивтік-синергетикалық мағыналармен байытылып, мәдени мәні бар мағынаға ие болады. Лингвогенезістің қайтымды үдерісі мүмкін емес.

Мәдени маркерленген тілдік таңбалардың талдаулары көрсетіп отырғандай, буффрикация – бұл жүйе немесе құрылымның даму бағытындағы кез-келген, кездейсоқ таңдау емес, тұрақсыз қалпынан шығуға және *креативтік аттракторға* – толығымен түсінуге мүмкін бола бермегенімен, адам үшін өзекті, жекебасылық мағынаға – жақындауға мүмкіндік беретін таңдау. Осындай аттракторлардың қатарына, мысал үшін халықтық-поэтикалық тіркестерді *курсқ бұлбұлы, асатаяқ-құтқарушы* немесе *ақ қарға* – басқалардан ерекшеленіп тұратын адам, *баран ат* – белгісіз, қауып-қатер төндіретін адам тәрізді т.б. симметриялық құрылым типіндегі тілдік таңбаларды жатқызуға болады. Қандай жағдайда да креативтік аттрактор когнитивтік-дискурсивтік ниет бойынша қажеттіліктің және коммуникативтік прагматикада мәдени таңба-түзудің соңғы нүктесі болып табылады. Мәдениеттің таңбаларының қайта туындаған мағыналық элементтері дәл осы креативтік аттрактордың «әрекет алаңында» қалғанда ғана аталмыш лингвомәдениетке қажетті когнитивтік құрылымға енеді. Сондай аттракторлардың арқасында біз келтірілген мысалдардағы әңгіме қарға мен ат туралы емес, ерекше адамдар туралы сөз болғанын түсінеміз. Осылайша, бифуркация энтропиялық тенденцияларды (мағыналық хаос күйін) жеңуге және түптеп келгенде, жаңа, тұтас мәдени маркерленген таңбалардың түзілуіне мүмкіндік береді.

Жанама-туынды аталымдық үдерісті түсіндіре отырып, К.И. Декатова бірнеше конструкторлық түйінді атап көрсетеді. Біріншіден, ол маңызды сөйлеу операциясының барысында «тілдену» білімі нысанды аталымға айналдыруда нысан номинациясының белгілерін тану үшінгі концептуальдық құрылымның ассоциативтік таңдауы болып табылады. Ұқсас нысандар немесе нысандардың белгілерін таңбалайтын, бірақ та туындау негізі әр қилы мәдени маркерленген белгілердің болуы осыған байланысты. Автордың белгілік таңбалау алғашқы кезеңде мәдениет нысанының жанама аталымын тануға көмектесетін концептуальдық құрылымға негізделеді дегені негізсіз емес. Айталық, *қалтаға қол салу* – басқаның мейірімділігін заңсыз пайдалану; *өз қалтасына салу* – басқаның ақшасын заңсыз иемдену; *қалтасын толтыру* (қарнын тойдыру) – әділетсіз жолмен баю, басқаның есебінен күн көру және т.б. Осы фраземалардың ішкі формаларын талдау *баю туралы* білімнің концептуализациялану барысында *оңай олжа, алаяқтық, иемдену* тәрізді мәдени-тасымалдаушы белгелерді тану үшін әр түрлі концептуальдық белгілер таңдалып алынған: *заңсыздық* (қолтаға қол сұғу), *басқанікін иемдену* (өз қалтасына салу), *баю* (қалтасын толтыру).

Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»

Екіншіден, мәдениет элементтерінің пайда болу барысында ұғым тудырудағы маңызды қадамның бірі «қажетті» лексемалардың бифуркациясы (таңдау), К.И. Декатова көрсетіп отырғандай, олар лингвомәдениеттік мағына тудырушы белгілер үшін аса керекті доноры болып табылады. Бейвербальдық дейінгі ақпаратты табиғи тілге қайта кодтау үдерісінде лексемаларды таңдау туралы психоллингвистикалық зерттеулерден де көруге болады. Мәдениет-прагматикалық әр түрлі жағдайына сәйкес келетін әдениет-тасымалдаушы белгінің лексикалық компонентін іздеу нәтижесінде оның көптеген нұсқалары пайда болуы мүмкін: наннан майға көшу (бөлшектен бөлкеге, қыртысынан қырына, тебеннен тиынға, жоқтан бар жасау, яғни кедей, айлығы шайлығына жетпей өмір сүру және т.б.). Көріп отырғанымыздай, бір сипаттағы концептуальдық құрылымның әр түрлі мағыналарды аталымға айналдыру үдерісінде біздің тілдік санамыз сан қилы лексемаларға талдау жасайды.

Қорыта келгенде, мәдени-маркирленген тілдік таңбаларда үнемі әр түрлі ақпараттық-синергетикалық ағындар «жасырынып» тұрады. Классикалық парадигмадан синергетикалық қарым-қатынас теориясы лингвомәдениетте тұрақталған ұғымдарды – «тілдегі мәдениет» көріністерін емес, тұрақталып келе жатқан және оның динамикалық жай-күйін зерттеуге бағытталады. Тілдік таңбаларды мұндай тұрғыдан қарастыру лингвомәдениет әлемін динамикалық, координаттар жүйесі ретінде зерделеуге мүмкіндік туғызады деуге болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Потебня А.А. Мысль и язык. – Киев: СИНТО, 1993. – 192.
- 2 <http://www.galactic.org.ua/SLOVAR/Sinergetika.htm>
- 3 Князева Е., Туров А. Единая наука о единой природе //Новый мир. 2000. №3.

Н. Абдикарим

Синергетика языка и культуры

Аннотация. В статье описываются характерные особенности синергетики и лингвокультурологии и их взаимоотношения. На основании анализа устанавливается, что взаимоотношение человека с семантическим пространством лингвокультуры является таким же синергетическим сложным и многоаспектным системным взаимодействием.

Ключевые слова: синергетика, лингвокультурология, синергетика языка, семантическое поле, креативное мышление, процессы формирования языковых явлений.

N. Abdikarim

Synergistic of language and culture

Abstract. The article describes the characteristics of synergy, cultural linguistics and their relationship. On the basis of the analysis it is established that the human relationship with the semantic space of cultural linguistic is as synergistic complex and multidimensional system interaction.

Key words: synergetic, linguistic and cultural studies, synergetic of language, semantic field, creative thinking, the process of formation of linguistic phenomena.